

Карантинді алу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Қарақұдық ауылының әкімінің 2018 жылғы 29 мамырдағы № 1-ш шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 мамырда № 4799 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес және 2018 жылғы 11 мамырдағы № 06-3-02-27/149 "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бұқар жырау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының ұсынысының негізінде, Қарақұдық ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Қарақұдық ауылы аумағында жылқылар арасында эпизоотикалық лимфангоит ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитарлы іс– шараларды жүргізуіне байланысты Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Қарақұдық ауылының аумағынан белгіленген карантин алынсын.

2. Бұқар жырау ауданы Қарақұдық ауылы әкімінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы №1-ш "Карантин белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4515 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 қаңтардағы № 1 (1242) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылы 9 қаңтарда жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарақұдық ауылы әкімінің міндетін атқарушы

Б. Мусина

КЕЛІСІЛДІ

*"Қазақстан Республикасы
ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау және
қадағалау Комитетінің
Бұқар жырау аудандық аумақтық
инспекциясы" басшысы*

Е. Садиров

2018 жылдың 30 мамыр